



ОРТАҚ МҮДДЕ – ОРНЫҚТЫ ДАМУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Омбы қаласында өткен XXII Қазақстан – Ресей өңіраралық ынтымақтастық форумына қатыстып, пленарлық отырыста сөз сөйледі. Жиын басталардан бұрын Президент Ресей басшысымен кездесті. Мемлекеттер басшылары екіжақты күн тәртібіндегі ауқымды мәселелерді талқылады.



Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путинге Омбы төрінде қонақжайлық танытқаны үшін алғыс айтты. Сонымен қатар XXII өңіраралық ынтымақтастық форумы аясындағы жүздесу Қазақстан – Ресей ықпалдастығының негізгі бағыттарындағы жан-жақты диалогты жалғастырып, алдағы қадамдарды нақтылауға мүмкіндік беретінін жеткізді.

— Біз – аса ірі сауда серіктестеріміз. Былтыр сауда көлемі шамамен 28 миллиард долларды құрады. Биылғы беталысымыз да өте жаксы. Өткен жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда, биыл бес айда өзара сауда көлемінің қарқыны айтарлықтай арта түсті. Ресей экономикамызға инвестиция салатын елдердің арасында көш бастап тұр. Инвестиция көлемі шамамен 30 миллиард долларға жетті.

Бірлескен күш-жігердің арқасында жалпы құны 53 миллиард доллар болатын 177 перспективті өнеркәсіп жобасының тізімі жасакталды. Оның 122-сі іске асырылды. Қазіргі күрделі геосаяси жағдайды ескерсек, бұл – көңіл қуантатын жетістік, — деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы гуманитарлық саладағы ықпалдастық деңгейін жоғары бағалады. Сондай-ақ Қазақ ұлттық университетінің Омбыдағы филиалын ашуға қолдау білдіргені үшін Ресей мемлекетінің басшысына ризашылығын білдірді.


Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстандағы алғашқы атом электр станциясын бірлесе салу жобасының ағымдағы жағдайы туралы пікір білдірді.

— Маған Балқаш көлі маңында нысан орнын дайындау жұмыстары аяқталуға жақындағанын баяндады. Бұл жоба Қазақстан аумағында энергияның жаңа түрін өндіруге ғана қатысты емес. Ол сонымен қатар мемлекеттеріміздің, ең бастысы, халықтарымыздың және өскелең ұрпақтың арасында алтын көпір болады. Өйткені біз Ресей көмегімен техникалық кадрларды, кейін атом индустриясы сияқты аса күрделі салада жұмыс істейтін жергілікті қазақ мамандарын даярлағымыз келеді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Эндрю Бернемді Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігінің Премьер-министрі қызметіне кірісуімен құттықтады.



Мемлекет басшысы құттықтау жеделхатында Қазақстан мен Ұлыбритания арасындағы қарым-қатынас деңгейі жоғары екенін атап өтіп, екі ел халықтарының мүддесі үшін саяси диалогты, сауда-экономикалық және инвестициялық

ынтымақтастықты одан әрі нығайту бағытында бірлесе жұмыс істеуге дайын екенін растады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Эндрю Бернемнің жауапты мемлекеттік қызметіне табыс, достас Біріккен Корольдік халқына бақ-береке тіледі.

әділет

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫ БІРГЕ ҚҰРАЙЫҚ!

ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫ - 2026

Дайындаған: «APPAZOV» ЖШС.
«Әділет» партиясы» ҚБ сайлау қорының қаражаты есебінен төленді.
Тапсырыс беруші: Н.Т. Мыңжасаров.

БЮДЖЕТТІҢ НЕГІЗСІЗ ЖҰМСАЛУЫНА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ



Мемлекет басшысы Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Әлимановты қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Агенттіктің биылғы бірінші жартыжылдықта атқарған жұмысының негізгі қорытындылары мен алдағы кезеңге арналған міндеттер туралы есеп берілді.

Жанат Әлиманов 496 қылмыстық іс бойынша тергеу аяқталып, жәбірленушілерге 22,6 миллиард теңгенің зардабы өтелгенін жеткізді. Сондай-ақ 7 қылмыстық топтың (оның ішінде төртеуі — трансұлттық топ) және 176 миллиард теңгеден астам қаражатты заңсыз түрде қолма-қол ақшаға айналдырған 44 желінің қызметіне тосқауыл қойылғанын атап өтті.

Есірткі бизнесі мен алаяқтықтан түскен кірісті жылыстату үшін пайдаланылған 12 астыртын криптоайырбастау пунктін жойылған. Бұдан бөлек, өз есепшоттары арқылы 113 миллиард теңгені өткізген 36 дропперлік топ анықталды.

Президентке ТМД елдері аумағында алғаш рет дербес деректерді заңсыз иемдену мақсатында ұялы байланыс операторларының жұмысын имитация жасайтын және фишинг SMS-хабарламаларды

жаппай тарататын арнайы құрылғыны пайдаланған адамдар ұсталғаны баяндалды.

Агенттік төрағасы бюджет шығыстарына мониторинг жүргізу шаралары туралы айтты. Мәселен, 52 инфрақұрылымдық жоба бойынша 279 миллиард теңге қаржының негізсіз жұмсалыуына жол берілген жоқ. Ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру кезінде 10 миллиард теңге көлемінде мемлекет қаржысын жымқыру ықтималдығы анықталды. Сондай-ақ Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан заңсыз қаржы алу үшін жеке клиникалардың 140 мың азаматтың жалған тіркеу мәліметтерін көрсеткені белгілі болды.

Бұдан бөлек, алдын алу жұмыстары аясында заңсыз ойын бизнесінің белгілері бар 9 мың сайт пен аккаунт бұғатталды. Алаяқтық пиғылымен ашылған 2,3 мың ресурстың және 35 мыңнан аса мүшесі бар 25 чаттың қызметі тоқтатылды.

Қаржылық сауатты арттыру бағытындағы іс-шараларға 245 мыңнан астам азамат қатысты. Салалық заңнаманы жетілдірудің нәтижесінде Қазақстанның рейтингтегі орны ФАТФ-тың төрт негізгі ұсынымы бойынша жоғарылады.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Агенттік қызметінің негізгі бағыттарына қатысты бірқатар нақты тапсырма берді.

ЭКОНОМИКАНЫ ӘРТАРАПТАНДЫРУ – БАСЫМ БАҒЫТ



Мемлекет басшысы Атырау облысының әкімі Болат Ақшолақовты қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа аймақтағы әлеуметтік-экономикалық жағдай және алдағы кезеңге арналған басым міндеттер туралы баяндалды.

Президентке облыстағы ірі инвестициялық жобалардың іске асырылуы, мұнай-газ химиясы саласының дамуы, әлеуметтік және инженерлік инфрақұры-

лым нысандарының құрылысы жөнінде есеп берілді.

Кездесуде экономиканы әртараптан-дыру, инженерлік желілерді жаңғырту, көлік инфрақұрылымын жетілдіру, экологиялық ахуалды оңалту және республикалық деңгейде қолдауды қажет ететін жобаларды іске асыру мәселелеріне айрықша назар аударылды.

Мемлекет басшысы Атырау өңірінің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуге және халықтың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған бірқатар тапсырма берді.

ӨҢІРДІҢ ӨНЕРКӘСІПТІК ӘЛЕУЕТІ АРТАДЫ

Мемлекет басшысы Ұлытау облысының әкімі Есет Байкенді қабылдады.



Президентке Ұлытау облысының әлеуметтік-экономикалық даму барысы және алдағы кезеңге арналған жоспарлар жөнінде баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа өңірдегі инфрақұрылымды дамыту, инвестиция тарту, өнеркәсіп әлеуетін көтеру, инженерлік желілерді жаңғырту және тұрғындарға сапалы әлеуметтік қызмет көрсету

жұмыстары туралы мәлімет берілді. Сондай-ақ басым жобаларды жүзеге асыру жөнінде ұсыныстар айтылды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы облыстың орнықты дамуын қамтамасыз етуге, өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттыруға және азаматтардың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған бірқатар тапсырма берді.

ОРТАҚ МҮДДЕ – ОРНЫҚТЫ ДАМУ

(Басы 1-бетте)

Кездесу барысында Мемлекет басшысы Ресей мен Украина арасындағы қактығысты реттеу мәселесіне катысты өз ұстанымын жеткізді.

— Өзіңізге мәлім, мен әуел бастан мұның мемлекетаралық қактығыс екенін айтқанмын. Бұл кандай да бір азаматтық соғыс емес. Біз украин халқына, оның мәдениеті мен тіліне әрдайым құрметпен қараймыз. Аталған қактығыстың көпшілік үшін, соның ішінде біз үшін түсініксіз тұстары көп. Біліуміше, сіз Аляскадағы Анкориджде өткен кездесуде дипломатиялық тұрғыдан барынша икемділік таныттыңыз. Осы орайда өз пікірімді білдіргім келеді. Өйткені маған да өтініштер айтылады. Меніңше, қактығысты уақытша токтатып, 2.0. Ыстанбұл формуласына оралған дұрыс. Себебі аталған келіссөз барысында айтарлықтай нәтижеге қол жеткізілген еді. Содан кейін алпауыт елдердің, соның ішінде Ресейдің кепілдігі арқылы көптен күткен бейбітшілікке қадам басуға болады. Қазақстан — бұл мәселеде сырт қалатын ел емес. Алайда қаншама мәрте ұсыныстар мен үндеулер айтылғанына қарамастан, мен бұл қактығыста арағайын болудан үзілді-кесілді бас тартамын. Өйткені Ресей — ұлы ел, ал орыс халқы — ұлы халық. Күн тәртібіндегі барлық мәселені делдалсыз-ақ шеше алады. Алайда бүгін өз пікірімді білдіруді жөн көрдім. Себебі адамдар менің Омбыға жоспарлы сапарымнан, Сізбен кездесуімнен хабардаыр. Тығырыктан қалай шығу керек екенін ешкім білмейді. Қос тараптың өз ұстанымы бар. Әйтсе де, осы алауыздықты уақытша доғаруға болады. Бұл — сынақтан өткен халықаралық тәжірибе, амал. Өкінішке қарай, өрімдей жастар құрбан болып жатыр. Олар — бауырлас Ресей мен Украина халықтарының келешегі. Сондықтан мұның бәрін тоқтату керек. Өйткені, менің ойымша, қазіргі болып жатқан жағдай Ресей және Украина мемлекеттерінің дұшпандарына ғана тиімді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент сөзін қорыта келе, еліміз Ресеймен стратегиялық серіктестікті және одақастық қатынастарды дамытуға бейіл екенін растады.

— Қазақстанның Ресеймен қарым-қатынасындағы ұстанымына келер болсақ, біз Ресейді әрдайым ұлы мемлекет деп санаймыз. Бұған еш күмәніміз болмасын. Мен бұл туралы барлық халықаралық форумдарда айтып жүрмін. Біз қанша қиын болса да, Ресеймен стратегиялық серіктестікті және одақастық қатынастарды дамытуға бейілміз. Бүгінгі форум — соның айғағы, — деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Ресей Президенті Омбыда Қасым-Жомарт Тоқаевпен жүздескеніне қуанышты екенін жеткізіп, Өңіраралық форум екіжақты қарым-қатынастың дамуына елеулі үлес қосып келе жатқанын атап өтті.

— Елдеріміздің ынтымақтастығы табысты дамып келеді. Сөз жүзінде емес, іс жүзінде стратегиялық сипатқа ие болды. Оны ұдайы өсіп келе жатқан тауар айналымының деңгейінен аңғаруға болады. Өткен жылы екіжақты сауда-саттық шамамен 28 миллиард долларды құрады, ал биылғы бес айда, біздің статистикалық мәліметімізге сәйкес, тағы да 4 пайыздан аса өсті. Бұл қарқынды динамика келешегіміз жарқын екенін көрсетеді. Сонымен қатар оған инвестиция да ықпал етеді. Өйткені инвестиция алдағы күнге жағдай жасап, көрсеткіштерді айқындайды. Бұл ретте де ауыз толтырып айтарлық жетістіктеріміз аз емес. Себебі Ресей кәсіпорындарының, ресейлік бизнесмендердің қатысуымен жалпы инвестиция көлемі 30 миллиард доллар болатын 70 жоба іске асырылып жатыр. Ресей — Қазақстан экономикасының ең ірі инвесторы. Әріптестігіміз әртүрлі бағытта өрбіп келеді. Мәселен, металлургия өнеркәсібі, машина жасау, энергетика, фармацевтика секілді басқа да салалар қамтылған, — деді Владимир Путин.

Бұдан бөлек, Ресей Президенті мәдени-гуманитарлық қарым-қатынасты нығайту мәселесіне тоқталды.

— Гуманитарлық байланыстар саласындағы ықпалдастығымыз өте маңызды. Бұл орайда, әлбетте, білім саласы алдығын орынға шығады. Қазақстанның мыңдаған азаматы ресейлік жоғары оқу орындарында білім алып жүр. Омбыда Қазақстанның мемлекеттік университетінің филиалы ашылғанын атап өткім келеді. Ресейлік студенттерге 100 мемлекеттік стипендия ұсынылғаны үшін алғыс айтамыз. Олар ақысыз негізде білім алып жатыр, — деді Ресей басшысы.

Владимир Путин екі ел халықаралық аренада және өңірлік ұйымдар аясында



белсенді қарым-қатынасты жолға қойғанына назар аударды. Биыл Ресей ҰҚШҰ-ға, ал Қазақстан — ЕАЭО-ға төрағалық етеді.

Сонымен қатар Владимир Путин Ресейдің қатардағы қаласы емес. Бұл жерде Сіздің әкеніз 1945 жылы қыста ауыр жарақаттан кейін ем-дом алған.

Біз Ұлы Отан соғысы мен халқымыздың нацизмді жеңуге қосқан үлесін әрдайым есте сақтаймыз. Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сізбен жүздескенімізге қуаныштымыз, — деді Ресей Президенті.

Әңгімелесу барысында мемлекеттер басшылары сауда-экономикалық байланыстарды одан әрі нығайту, соның ішінде энергетика, көлік-логистика, ғарыш, ауыл шаруашылығы салаларындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыру перспективасын егжей-тегжейлі талқылады.

Бұдан бөлек, президенттер халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Кездесуден кейін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Президент Владимир Путин Омбы қаласында XXII Қазақстан — Ресей өңіраралық ынтымақтастық форумының пленарлық сессиясына қатысты. Биылғы басқосу «Жаһандық логистика экосистемін қалыптастыру: Ресей — Қазақстан ынтымақтастығының жаңа көкжиегі» тақырыбына арналып отыр.

Мемлекет басшысы, ең алдымен, Ұлы Отан соғысының ардагерлері, соның ішінде әкесі Кемел Тоқаев туралы естеліктерді көздің қарашығындай сақтағаны үшін Ресей Президенті мен Омбы облысының басшылығына ризашылығын білдірді. Майдангер Кемел Тоқаев Екінші Беларусь майданының құрамында жүріп, Польша жерінде алған ауыр жарақатынан кейін осы қалада емделген еді.

Мемлекет басшысы өңірлердің іс жүзіндегі ықпалдастығы екіжақты күн тәртібінің мазмұнын байытып, Қазақстан мен Ресей ынтымақтастығының қарқынды дамуына тын серпін беріп отырғанын атап өтті.

— Бүгінде мемлекеттеріміздің қарым-қатынасы мүлдем жаңа деңгейге көтерілді. Ол — мемлекеттер басшыларының, үкімет жетекшілері мен жергілікті билік басшыларының, сондай-ақ екі ел парламенттерінің ортақ күш-жігерінің нәтижесі. Менің былтыр қараша айында Ресейге жасаған мемлекеттік сапарым мен Президент Владимир Путиннің биыл мамыр айындағы елімізге мемлекеттік сапары бұл тұрғыда тарихи мәнге ие. Қос сапардың қорытындысы бойынша қол қойылған Мемлекетаралық қарым-қатынасты жан-жақты стратегиялық серіктестік және одақастық деңгейіне дейін жеткізу жөніндегі декларация, сондай-ақ Достық пен тату көршіліктің жеті негізі туралы бірлескен мәлімдеме елдеріміздің алдағы ондаған жылдардағы жасампаз ынтымақтастығы мен өсіп-өркендеуіне берік негіз қалады. Қазақстан мен Ресей қарым-қатынасы барлық бағытта нығайып келе жатыр деп толық сеніммен айтуға болады. Ресей — Қазақстанның ірі сауда серіктесі. Былтыр екіжақты тауар айналымы 28 миллиард долларға жуықтады. Ортақ күш-жігердің арқасында бұл көрсеткіш ұдайы өсіп келеді: биылғы бес айда өзара сауда-саттық көлемі былтырғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда шамамен 10 пайызға жуық артты, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Ресей Қазақстанның басты инвестициялық серіктестерінің бірі ретінде соңғы 20 жылда еліміздің экономикасына 30 миллиард доллардан астам қаржы салғанына тоқталды.

— Бұл салада оң қарқын байқалады: биылғы бірінші тоқсанда Ресейден келген инвестиция ағыны 45 пайызға ұлғайды. Яғни бес айдағы көлемі 773 миллион долларды құрады. Көпжылдық өзара тиімді ынтымақтастық нәтижесінде қазір Қазақстан экономикасының түрлі саласында ресейліктердің үлесі бар 20 мыңнан аса кәсіпорын табысты жұмыс істеуде. Сонымен қатар Ресейдегі қазақстандық бизнестің позициясы нығайып келеді. Ресей экономикасына құйылған қаржымыз 9 миллиард доллардан асты. Экономикалық күн тәртібінде өнеркәсіп саласындағы серіктестіктің алар орны ерекше. Елдеріміз 177 ірі жобадан тұратын тізім жасақтады. Инвестицияның жалпы көлемі 52 миллиард доллардан асады. Оның 122-і іске асырылып, 30 мыңнан астам жұмыс орны ашылды, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, «Росатом» бастаған халықаралық

бәсекедегі артықшылығын айқын-дайтын басты фактор. Біз күш-жігер жұмылдырудың арқасында бұл саладағы барлық міндетті табысты еңсеріп, инфрақұрылымды жүйелі дамытып келеміз әрі транзиттік әлеуетімізді нығайта түстік. Өткен жылы елдеріміз арасындағы теміржол көлігімен жүк тасымалдау 3,5 пайызға артып, 92 миллион тоннаны құрады. Сонымен қатар Қазақстан аумағы арқылы транзит тасымалы жандана түсті. Тек соңғы бес жылда Қытай — Ресей — Қытай бағыты бойынша Қазақстан территориясынан өткен контейнерлік тасымалдың көлемі сегіз есеге артты. Ресей — Қазақстан — Қытай бағытындағы миллионыншы контейнер елеулі меже болды. Әлбетте, мұнымен шектеліп қалмаймыз. Автомобиль көлігімен тасымалдау да еселене түсті. Былтыр оның көлемі 8,5 миллион тоннадай болған. Биылғы бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша өткен жылғы кезеңмен салыстырғанда 4,3 миллион тоннаға жетіп, екі еседен аса ұлғайды. Бұл саладағы бірлескен жүйелі жұмысты жалғастырсақ, осы қарқынды сақтап қалуға әбден болады. Мен бұған сенімдімін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



консорциумның қатысуымен Қазақстанда алғашқы атом электр станциясын салу жобасы болашаққа бағдарланған екіжақты ынтымақтастықтың стратегиялық сипатқа ие болғанын көрсетеді. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы ғарыш саласындағы ынтымақтастық та өзара іс-қимылдың басым бағыты екенін атап өтті.

— Биыл сәуір айында «Союз-5» зымыран тасығышы алғаш рет ұшырылды. Бұл елеулі уақиға ғылыми, инженерлік, өндірістік мүмкіндіктерін тоғыстырса, Қазақстан мен Ресей түрлі саладағы өршіл бастамаларды жүзеге асыра алатынын анық көрсетті. Қазақта «Бірлік бар жерде тірлік бар» деген мақал бар. «Где лад, там и клад» деген орыстың нақыл сөзінің мағынасы осыған жакын. Мызғымас достық пен тату көршілік байланыстарға, өзара сенім мен қолдауға, бір-біріміздің мүдделімізді ескеруге негізделген қарым-қатынас бауырлас халықтардың әл-ауқатын арттыруда жаңа белестерді бағындыруға жол ашатынына сенімдімін, — деді Президент.

Мемлекет басшысының пайымдауынша, форум тақырыбы қазіргі халықаралық жағдай тұрғысынан ерекше өзекті. Оның пікірінше, әлемдегі ең ұзын әрі тұтас құрлық шекарасымен түйіскен Қазақстан мен Ресейге Еуразиядағы көлік-логистика жүйесінің дамуында жетекші рөл атқаруды тағдырдың өзі бұйыртып отыр.

— Бұл — қазіргі өте күрделі геосаяси жағдайда елдеріміздің жаһандық

— Шекара маңындағы өңірлерде «500+» шартты атауымен әуе қатынасын дамытудың бірлескен бағдарламасын әзірлеу ұсынылады. Бастамаға сәйкес, Астана мен Ресейдің Қазақстанмен шекаралас әрі халық саны 500 мыңнан асатын қалалары арасында тікелей әуе рейстерін кезең-кезеңімен ашу көзделген. Бұл бағдарламаның іске асуы өз кезегінде екі елге де туристердің көптеп келуіне қолайлы жағдай жасайды. Бұдан бөлек, бірлескен трансшекаралық туристік бағыттар ашу да тиімді деп есептеймін. Ол үшін елдеріміздің туризм индустриясы өкілдерінің арасындағы ықпалдастықты жандандырған жөн. Айтпақшы, Қазақстанға демалуға және көрікті жерлерді тамашалауға келетін туристердің саны жағынан Ресей қазір бірінші орында тұр. Екінші орында — Қытай, үшінші — Үндістан, төртінші — Түркия. Туризмді қарқынды дамытуға мүмкіндігіміз жеткілікті. Атап айтқанда, еліміз географиялық тұрғыдан ұтымды орналасқан. Алуан түрлі табиғи ландшафт, бай әрі бірегей тарихи-мәдени мұрамыз да көпшілікті қызықтырады. Ең бастысы, Ресей туристері үшін Қазақстанда тіл және менталдық тұрғыдан ешқандай кедергі жоқ. Мәдениетіміз бен тарихымыз ортақ. Шекара маңындағы туризмді дамыту экономика қарқынын арттырып қана қоймайды. Бұл — арадағы сенімді нығайтып, тату көршілік қатынастардың біртұтас кеңістігін қалыптастыруға салынған инвестиция. Екіжақты байланысымыздың қаншалықты мықты екені осыдан көрінеді. Әрі бұл бірге өсіп-өркендеуімізге тын серпін береді, — деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Ресей арасындағы қарым-қатынастың беріктігі өңірлердің, іскер топтардың, ғылыми және мәдени қоғамдастықтардың белсенді байланысы арқылы нығая түсетін жоғары деңгейдегі сенімді диалогтан, ең бастысы, миллиондаған адамның достығынан байқалатынын айтты.

— Біздің сан қырлы ынтымақтастығымызда сабақтастық пен серпінді даму өзара үйлесім тапқан. Ортақ тарихымызды ардақтай отырып, болашаққа бірге көз тігіміз. Қазақстан ұлы Ресей елімен жасампаз стратегиялық серіктестікті дамытуға әрдайым ниетті. Омбы қаласына менімен бірге үлкен делегация келді. Оның құрамында орталық мемлекеттік органдардың басшылары, шекаралас облыстардың әкімдері, іскер топ өкілдері бар. Бұл біздің жүйелі жұмыс істеп, екіжақты ықпалдастықтың негізгі бағыттары бойынша нақты келісімдерге қол жеткізуге мүдделі екенімізді білдіреді. Бүгінгі форумның нәтижесі Қазақстан мен Ресейдің стратегиялық серіктестігі мен одақастық қатынастар жылнамасындағы кезекті жарқын кезеңге жол ашып, мемлекеттеріміздің гүлденуіне және бауырлас халықтардың игілігін арттыруға ықпал етері сөзсіз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Ресей Президенті Ресей мен Қазақстан серіктестігін ілгерілетуге өңірлердің қосқан үлесін жоғары бағалады. Оның айтуынша, аймақ басшылары мен бизнестің үйлесімді әрекетінің нәтижесінде сауда-саттық жанданып, өзара инвестиция ағыны ұлғайып келеді.

— Ең басты нәрсені айтайын: Ресей мен Қазақстанның көлік және логистика саласында, сондай-ақ экономика мен қоғамдық өмірдің басқа да бағыттарында өзара тиімді ықпалдастықты арттыруына мүмкіндіктері мол. Осындай үйлесімді әрі ұжымдық жұмысты жалғастырса, Ресей мен Қазақстанның өңірлері екі елдің бауырлас халықтарының игілігі үшін жан-жақты стратегиялық серіктестік пен одақастықты одан әрі тереңдетуге елеулі үлес қосады, — деді Владимир Путин.

XXII Қазақстан — Ресей өңіраралық ынтымақтастық форумы аясында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путинге тауар айналымының ашықтығын қамтамасыз етуге, тасымалдау үдерісін цифрландыруға және автокөлік тасымалының қауіпсіздігін арттыруға бағытталған жобалар таныстырылды.

Атап айтқанда, президенттерге тауар айналымы мен өнімнің шығарылған жерін растауға мүмкіндік беретін тауарларды цифрлық таңбалау жүйесі, тасымалдау үдерісіне қатысушыларға арналған Smart Cargo бірінші цифрлық платформасы, жасанды интеллект көмегімен көлік ағынына үздіксіз талдау жүргізетін AI Jol бірінші цифрлық жобасы туралы мәліметтер берілді.

Сонымен қатар мемлекеттер басшыларына теміржол, автокөлік және авиа байланыстарын дамыту үшін қолға алынған бірлескен шаралар мен шекарадағы көлік өткізу пункттерін қос тараптан бірдей жаңғырту перспективасы туралы мәлімет берілді.

МАҢҒЫСТАУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



«Әділет» партиясының сайлауалды науканы өңірлерде жалғасып жатыр. Түркістан облысындағы алғашқы кездесулерден кейін партия төрағасы Айбек Дәдебай бастаған республикалық сайлауалды штаб жұмысын Маңғыстау об-

лысында жалғастырды. Күні бойы Құрылтай депутаттығына кандидаттар тұрғындарға сайлауалды бағдарламаның бағыттарын таныстырып, облыстағы ірі кәсіпорындарды аралап, еңбек ұжымдарымен кездесті.

Күннің алғашқы жартысында Ақтау қаласындағы Достық үйінде жұртшылықпен және үкіметтік емес ұйымдар, бизнес, білім беру, денсаулық сақтау салаларының өкілдері, жастар және өңірлік актив мүшелерімен пікір алмасты. Айбек Дәдебай партия елдің одан әрі дамуының басты негізі ретінде заң үстемдігін қарастыратынын атап өтті. Осыған байланысты кездесудің басты тақырыбының бірі Каспий теңізінің болашағына арналды. Оның айтуынша, Мемлекет басшысы Каспийді сақтау мәселесін бірнеше мәрте ірі халықаралық алаңдарда көтеріп, Каспий маны елдерін бірегей экожүйені қорғау жолында бірлесіп әрекет етуге шақырған. Бұл ұстанымдар «Әділетті болашақ үшін» сайлауалды бағдарламасында да көрініс тапқан.

ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ — НЕГІЗГІ ИДЕЯ

Елордадағы Триатлон саябағында Жалпыұлттық социал-демократиялық партияның (ЖСДП) ұйымдастыруымен өткен «Еркіндік марафоны» спорттық шарадан гөрі әлеуметтік маңызы зор қоғамдық акцияға айналды. Ұйымдастырушылар бұл жолы азаматтарды салауатты өмір салтын ұстануға шақырумен қатар, зейнетақы жүйесін реформалау мәселесіне де қоғам назарын аударуды мақсат етті. Марафонға ЖСДП-дан Құрылтай депутаттығына кандидаттар Максұт Насибулов, Ажар Сағандыкова, Нұрлан Әуесбаев, Нұрлан Жабаев, Наурыз Сайлаубай, сондай-ақ партия белсенділері, жастар қанатының мүшелері, еріктілер мен елорданың белсенді зейнеткерлері қатысты. Әртүрлі буын өкілдерінің бір алаңда бас қосуы шараның негізгі идеясын — ұрпақтар сабақ-



тастығы мен қоғамдық бірлікті айқын көрсетті. Қатысушылар скандинавиялық жүріс таяқтарымен белгіленген қашықтықты еңсеріп, белсенді өмір салтын насихаттады. Партия бағдарламасындағы зейнетақы жүйесін түбегейлі жан-

ғырту, зейнет жасын төмендету, зейнетақы төлемдерін қазақстандық өмір сүру сапасының стандартына сәйкестендіру, сондай-ақ әрбір азаматтың қарттық шағын лайықты деңгейде қамтамасыз ету мемлекеттің тікелей міндеті екені көрсетілген.

«АСТАНА ОРМАНЫ» КӘСІПОРНЫНЫҢ ҰЖЫМЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясының төрағасы Азаматхан Әміртаев сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары аясында «Астана орманы» кәсіпорнының ұжымымен жүздесті. Кездесу арнайы Астананың жасыл белдеуінде, табиғат құшағында өтті. Азаматхан Әміртаевтың айтуынша, бұл аумақ шамамен 200 гектарды алып жатқан қолдан отырғызылған орман алқабы. Партия төрағасы «Қазақстан — өмір сүруге қолайлы ел» атты сайлауалды бағдарлама бес негізгі бағыттан тұратынын айтты. Олар — экология, әділетті экономика, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, болашақ қалалар және әділетті әрі таза Қазақстан. Бағдарламаны таныстыру барысында осы



салалардағы өзекті мәселелер мен оларды шешуге бағытталған ұсыныстар айтылды. Азаматхан Әміртаев Экологиялық кодекске өзгерістер енгізу жоспарына тоқталды. Оның айтуынша, партия қоршаған ортаға шығарыла-

тын зиянды заттар үшін төлем мөлшерлемелерін арттыруды және ластаушы заттардың тізімін кеңейтуді ұсынады. Сондай-ақ кездесуде ауылдық елді мекендерді ауыссумен қамтамасыз ету және су ресурстарын дамыту мәселелері сөз болды.

«МӘҢГІЛІК КЛАССИКА» АКЦИЯСЫ ӨТТІ

Алматы қаласындағы 28 гвардияшы-панфиловшылар атындағы саябақта Қазақстан Халық партиясы ұйымдастырған «Мәңгілік классика» акциясы өтті. Ис-шараға партия төрағасының орынбасары Бейбіт Құсайынов және Құрылтай депутаттығына кандидаттар Алмат Ахметов пен Акбота Аскарбекова қатысты. Жиын алаңында партияның ақпараттық аймағы ұйымдастырылып, қатысушылар партияның сайлауалды бағдарламасының басым бағыттарымен танысып, өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алды. Үгіт-насихат тобы қала тұрғындарымен белсенді жұмыс жүргізіп, ашық әрі тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік жасады. Акция Алмат Ахметов сөз сөйлеп, КХП-ның басқа саяси күштер-



ден басты ерекшелігіне тоқталып, партияның ескірген идеологиялық ұстанымдарға емес, қоғамның нақты сұраныстары мен өзекті мәселелеріне сүйенетінін айтты. Акцияға 100-ден астам адам қатысып, ол ашық диалог орнатуға бағытталған қоғамдық бастамалар

топтамасының бір бөлігіне айналды. Мәдениет пен музыка арқылы ұйымдастырылған формат партияның негізгі құндылықтарын көпшілікке қарапайым әрі әсерлі түрде жеткізуге мүмкіндік беріп, аудиторияның эмоционалдық ықыласын арттырды.

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНА БАРДЫ



Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттығына кандидаттардың сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары аясында «Ауыл» партиясының төрағасы Қ.Айтуғанов Қосшы қаласының мәдени-спорт кешенінің ұжымымен кездесті.

Кездесуге Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттығына кандидаттар Ш.Байманов, А.Разинков, Д.Райханова, Д.Бабамұратов, І.Досходжаев және С.Әбдуразакова, Д.Рахымбек, А. Турмухамбетова, А.Устемирова қатысты.

Жиын барсында партия төрағасы тұрғындарды қаланың 5 жылдығымен құттықтады. Сонымен қатар аз ғана уақыт ішінде Қосшы еліміздің ең қарқынды дамып келе жатқан қалаларының біріне айналғанын және барлық өңірлерден келген азаматтарды біріктіріп отырғанын айтты. Оның айтуынша, бүгінде қала халқының саны 67 мыңнан асты. Партия төрағасы сайлауалды бағдарламасының басты ұстанымы «Қуатты өңірлер — қуатты орталық!» қағидатына негізделгеніне тоқталды. Сонымен қатар биыл «Ауыл» партиясының құрылғанына 26 жыл толғанын еске салды. Партияның 2023 жылы алғаш рет Мәжіліске сайланғаннан кейін бірқатар маңызды бастамаларды жүзеге асырғанын атап өтті.

ҚҰРЫЛТАЙ

23 тамыз



ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

www.election.gov.kz

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНЕН ТЫС ЖЕРДЕ ДАУЫС БЕРУ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Денсаулық жағдайына, отбасының сырқат мүшесіне күтім жасау себебіне, сондай-ақ сайлау учаскелері құрылмаған шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда болуына байланысты дауыс беру күні сайлау учаскесіне келе алмайтын Қазақстан Республикасының азаматтары дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруге құқылы.

Ол үшін сайлаушы дауыс беру күні (2026 жылғы 23 тамыз) жергілікті уақытпен сағат 12:00-ден кешіктірмей, өзінің тіркелген аумағындағы учаскелік сайлау комиссиясына барып, болатын жері бойынша дауыс беруді ұйымдастыру туралы жазбаша өтініш беруі қажет.

Дауыс беру күні учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі берілген өтініш негізінде және жеке басын куәландыратын құжатты ұсынғаннан кейін сайлаушыға дауыс беруге арналған бюллетень береді. Дауыс беруге арналған бюллетеньді алу фактісі өтініште сайлаушының қолымен куәландырылады.

Учаскелік сайлау комиссиясының бюллетеньді берген мүшесі оған өзінің қолын қояды, сондай-ақ сайлаушының өтінішіне қол қояды. Дауыс беруді өткізу кезінде сайлаушының ерік білдіру құпиясының міндетті сақталуы қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

ЕҢБЕК ҰЖЫМДАРЫМЕН БАС ҚОСТЫ

«Ақ жол» демократиялық партиясының төрағасы Дания Еспаева мен республикалық штабының белсенділері сайлауалды үгіт-насихат жұмысы аясында Ақмола облысына барды.

Көкшетаудағы Орталық Азия, ТМД елдері бойынша ішкі және сыртқы нарықта табысты жұмыс істеп келе жатқан заманауи қаптама өнімдерінің кен түрін шығаратын NOVOPACK зауытында болып, жұмысшылармен кездесті.

Еңбек ұжымдарымен пікір алмасу барысында (олардың басым бөлігі әйелдер), жұмысшылардың өтініші бойынша, Дания Мәдиқызы халықтың несие, қарыз жүктемесін азайту, азаматтардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, коллекторлардың заңсыз әрекеттерінен қорғау және өзге де мәселелер жөніндегі сұрақтарға жан-жақты жауап берді.



Кездесу ашық әрі мазмұнды пікір алмасу форматында өтті. Әңгіме соңында зауыт қызметкерлері Дания Еспаева мен «Ақ жол» демократиялық партиясына қарапайым азаматтардың, сондай-ақ шағын және орта бизнес өкілдерінің мүддесін қорғау жолындағы еңбегі үшін алғыс білдірді. Кандидаттарға алдағы 23 тамызда өтетін Құрылтай депутаттарын сайлауда сәттілік тіледі.

ШЫҒЫСТАҒЫ ШЫРАЙЛЫ ЖҮЗДЕСУ

Өскемен — Шығыс Қазақстанның өндірістік қуатын айқындайтын ірі орталығының бірі. Республика партиясының сайлауалды сапары да дәл осы жерден жалғасып, ел экономикасын күн сайын мандай терімен қалыптастырып жүрген еңбек адамдарымен кездесуден бастау алды.

Кеше партия кандидаттары Қазақстандағы ірі сүт өндіруші кәсіпорының бірі — «Восток-Молоко» корпорациясының ұжымымен жүздесті. Корпорацияда 1 500-ге жуығы Өскемендегі зауытта жұмыс істейді. Мұнда тәулігіне шамамен 150 тонна сүт өңделіп, 100-ден астам түрлі өнім өндіріледі. Бұл өнімдер еліміздің түкпір-түкпіріне жөнелтіледі.

Кездесу барысында кәсіпорын ұжымы мен басшылығы бүгінде



көптеген қазақстандық өндірушілерді алаңдатытын мәселелерді ашық айтты.

Партия төрағасы Айдарбек Қожаназаров өз сөзінде: «Қуатты экономика кабинеттерде құрылмайды.

Ол зауыттарда, цехтарда, өндіріс орындарында күн сайын адал еңбек етіп жүрген азаматтардың қолымен қалыптасады. Қазақстанның бүгіні де, ертеңі де еңбек адамымен берік», — деді.

ДҮМШЕ ПСИХОЛОГ ДІЛ БҰЗАР

Жуырда «Психологиялық қызмет туралы» заң қабылданды. Мемлекет жылдар бойы жүгенсіз кеткен бұл саланы тәртіпке салмақ. Енді бір-екі айлық курс оқып алып, елге өмір сүруді үйрететін, адамды әрбір сәтсіздігі үшін әке-шешесімен шағыстыратын, өз-өзін бағалау мен өзімшілдікті шатастырып, ерлі-зайыптыларды ажырасуға үгіттейтін шала мамандардың жұмысына тосқауыл қойылады. Бірақ аура тазалағыш, карма қайтарғыш, портал ашқыш, энергия көтергіш эзотериктер заңнан тыс қалуы мүмкін.

А Еркебұлан НҰРЕКЕШ

Қазақстанда бұған дейін психология нарығын жүйелейтін арнаулы нормативтік-құқықтық акт атымен болған жоқ. Бұл саланы реттеу тетіктері әртүрлі кодексте, өзге де заңдарда шашырап жататын. Мысалы, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексте медициналық психологтар мен психотерапевтердің қызметі ғана ішінара қамтылды. Биомедициналық этика, лицензиялау, клиникалық хаттама тәрізді талаптар тек ресми емдеу мекемесіндегі мамандарға жүктелетін. «Білім туралы» заңда мектеп, колледж, ЖОО-лардағы педагог-психологтардың қызметі белгіленіп, ондағы нормалар оқу-тәрбие барысын сүйемелдеу шеңберімен шектелді. Қорғаныс министрлігі, ІІМ, ТЖМ сынды күштік құрылымдарда психологтардың жұмысы ішкі ведомстволық ережелер аясында жүзеге асырылды. Ал дербес тәжірибемен айналысатын психологтардың көбі Кәсіпкерлік кодекске сүйеніп, азаматтық-құқықтық келісімшарт негізінде немесе ЖШС, ЖК түрінде тіркелді. Олардың кәсібі құжат жүзінде емдік терапия емес, консультациялық қолдау, қарапайым консалтинг, тіпті тұрмыстық қызмет көрсету ретінде рәсімделді. Соның салдарынан елдегі психология саласы бірыңғай стандарты жоқ, ортақ терминологиясы қалыптаспаған ашық-шашық алаңға айналды.

Ең соракысы, «психолог» ұғымының құқықтық мәртебесі айқындалмай келді. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық кәсіптер жіктеуі ішінде мұндай мамандық болғанымен, жеке секторда кім өзін «психолог» деп

атауға қақылы екенін анықтайтын заңнамалық сүзгі болмады. Академиялық жоғары білімі бар нағыз майталмандар мен екі-үш айлық онлайн курс бітірген шала сауаттылар заң алдында бірдей еді. Дербес практикадағы психологтардан мемлекеттік лицензия да, біліктілігін растайтын сертификат та талап етілмеді. Нарықта «психолог», «коуч», «гипнотерапевт», «энергопрактик» сияқты терминдер мидай араласып кетті. Азаматтар зардап шеккен жағдайда «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңға жүгінетін. Алайда материалдық емес зиянды дәлелдеу сотта қиынға соғатын. Денсаулық сақтау жүйесінен тыс жерде клиенттің психологқа айтқан ақпараты «дәрігерлік құпия» ретінде қорғалмайтын.

Таяу күндері күшіне енетін «Психологиялық қызмет туралы» заң осы олқылықтардың орнын толтырып, заңнама деңгейінде «психолог» мәртебесін нақты бекітеді. Яғни бұдан былай психология бағытында жоғары білім алған, уәкілетті органның біліктілік талаптарына сай келетін және Мемлекеттік тізілімге енгізілген мамандар ғана психолог деп танылады. Қызметке араласу үшін диплом жеткіліксіз. Маман белгілі бір уақыт көлемінде аға әріптестерінің жетекшілігімен супервизияға қатысқанын, өзі де жүздеген сағат терапиядан, өндірістік тәжірибеден өткенін растауға міндетті. Қысқамерзімді курс, онлайн тренинг сертификатын иеленген көлденең көк аттылар мүлде мойындалмайды. Бұл топ нарықтан толық шеттетіледі, психолог болып жұмыс істеу құқығынан айырылады. Бір жапырақ сертификатқа сүйенген тұлғалардың заң бойынша психологиялық көмек көрсетуіне жол берілмейді. Алда-жалда психолог атын жамылып қызметін

жалғастырса, әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Ал әлеуметтік желіде желбуаз әңгімемен ауқымды аудитория жинаған, бірақ ешқандай кәсіби білімі жоқ блогерлер заңсыз психологиялық практика жүргізсе, олардың үстінен әкімшілік қана емес, қылмыстық іс те қозғалуы мүмкін.

Заңдағы ең қуатты құрал — жаңадан құрылатын Мемлекеттік психологтар тізілімі. Қазақстан аумағында заңды жұмыс істеуге қақылы барлық маман осы электрондық реестрде тіркелуге тиіс. Психолог тізілімге тіркелгенде өзінің дипломын, біліктілікті арттыру жөніндегі құжаттарын, сотталмағаны туралы, психикалық, наркологиялық диспансерде есепте жоктығы туралы анықтамасын тапсырады. Сөйтіп, азаматтар жалпыға ашық базадан оның бүкіл дерегін көріп отырады, терапияға жазылар алдында қандай психологқа баратын тексере алады. Кәсіби этиканы өрескел бұзған, тұтынушыға зиянын тигізген, заңсыз әдістерді қолданған психологтар тізілімнен уақытша немесе өмір бойына шығарылады.

Сонымен қатар құжатта «психологиялық құпия» ұғымы дәрігер құпиясы, адвокат құпиясы, банк құпиясы секілді заңмен қорғалатын ақпарат санатына қосылды. Бетпе-бет сеанс барысында айтылған сөздерді, аудио және бейнежазбаларды, терапиялық күнделіктерді, тест нәтижелерін жариялауға қатаң тыйым салынады. Әйтсе де, психолог әңгімелесу кезінде қандай да бір ауыр қылмыстың жасалып немесе дайындалып жатқанын білсе, клиенттің өзіне қауіп төніп тұрғанын түсінсе, көмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық фактілерін естісе, дереу құзырлы органдарға хабарлауы керек. Ондай сәтте психологиялық құпияны сақтау міндеті тоқтатылады.

Ең бастысы, заңда кәсіби психологиялық көмек пен басқа да балама қызметтердің айырмашылығын жіктейтін айқын шекара белгіленеді. Мемлекеттік тізілімге тіркелмеген адамдардың жарнамада және келісімшартта «психология», «психологиялық кеңес», «психологиялық диагноз», «психологиялық коррекция», «психотерапиялық сессия», «психодиа-



гностика», «психологиялық жаракат», тағы басқа терминдерді қолдануына енді рұқсат етілмейді. Демек, біліксіз біреулердің «психологиялық көмек» деген желеумен сананы улап, миды манипуляциялап, халықтың қалтасын қағуына шектеу қойылады. Нумерология, астрология, регрессология, тарология, энергопрактика сияқты ғылыми негізі жоқ бағыттар психологиядан түбегейлі ажыратылады. Оқкульттік-эзотерикалық тәсілдерді психология ретінде ұсынғандар заңмен қудаланады. Жалған ілім өкілдері өз қызметін «ойын-сауық», «астрологиялық болжам», «сюай» деп ашық атауға мәжбүр болады. Алайда заң қабылданған соң нарықтан эзотериканың біржолға жоғалып кетуі неғайбыл. Псевдомамандар «психолог» сөзінен бас тартып, «рухани ұстаз», «ментор», «лайф-коуч», «соматикалық гид» дегендей абстрактілі терминдерге жаппай ауысып, ребрендинг жасауы ықтимал. Кейбірі көленкеге қашып, жасырын Telegram арна, жабық чаттарға көшуі ғажап емес. Заң жобасының авторлары бұл тұрғыда біртүрлі тығырыққа тірелген сынайлы. Егер эзотериктерден заң бойынша диплом сұралса, онда мемлекет эзотериканы ресми ғылым деп таныған болып шығар еді. Сондықтан ол бағыт заңға кіргізілмей, бақылаудан

босатылды. «Психологиялық қызмет туралы» заңдағы ең үлкен қайшылық осында деп ойлаймыз. Себебі маман-психолог әлдеқалай шалыс басса, құзырлы органдар оны Мемлекеттік тізілімнен шығарып, Этикалық комиссияның құрамынан қуып жазалай алады. Ал коуч пен таролог, мысалы, клиенттің құпиясын ашса, оған қарсы қолданылатын кәсіби санкция жоқ. Сондай-ақ психологтың салықты бір төлеп, электрондық реестр жарнасын екі төлеп, нәтижесінде қымбат бағамен қызмет көрсетуіне тура келеді. Өз кезегінде эзотериктер ешқандай салықсыз жұмыс істеп, клиентті көптеп жинап, арзанға жүгіретін жұпыны жұрттың ауруын асқындыра түсуі әбден мүмкін.

Тағы бір даулы мәселе — дипломы бардың бәрі сапалы практик-психолог бола ала ма деген сұрақ. Бакалаврды жана бітірген жас түлек заң жүзінде Мемлекеттік тізілімге енуге құқылы. Бірақ онда күрделі психотерапиялық әдістемелерді қолдану, эмпатиялық байланыс орнату тәрізді дағдылар жоқ. Керісінше, психологияның бакалаврын оқымаған, дипломын алмаған, бірақ мындаған сағаттық терапиядан өтіп, супервизияға қатысқан тәжірибелі мамандар қағазбастылық кесірінен Мемлекеттік тізілімнен тыс қалып, саланың сапасы төмендей ме деген қауіп бар.

ЖЫЛЫЖАЙҒА ЖАН БІТПЕЙ ТҰР



Жаздың бел ортасы ауды, бұл – бақша өнімдері молайып, көкөніс бағасы арзандайтын кезең. Дегенмен Қызылорда облысының базарлары мен сауда орындарындағы баға әлі де тұрақсыз. Оның ішінде базар мен дүкен сөрелеріндегі қызанақ, қияр секілді күнделікті тұтынатын өнімдердің бағасы құбылмалы. Мұндай жағдай тұрғындар арасында «аграрлы өңір атанған Сыр елі көкөніспен өзін әлі толық қамтамасыз ете алмай отыр ма?» деген заңды сауал туындатып тұр.

А Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ, Қызылорда облысы

ДАМУЫ БАЯУ САЛА

Қызылорда облыстық Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының мәліметіне сүйенсек, бүгінде өңірде жалпы аумағы 12,1 гектарды құрайтын 21 жылыжай ғана жұмыс істейді. Оның ішінде ең ірі жобалардың бірі — «ҚазАгроМир» серіктестігінің толық автоматтандырылған екі гектарлық жылыжай кешені жоғары маңызға ие. Алайда өңірдегі барлық жылыжай облыс тұрғындарының көкөніске деген сұранысының небәрі 1,5 пайызын ғана өтей алады. Бұл өте төмен көрсеткіш.

Сондықтан облыс халқы тұтынатын көкөністің басым бөлігі Түркістан, Алматы облыстары мен көрші Өзбекстаннан жеткізіледі. Ал сырттан келетін өнімнің бағасы тасымал шығынына, жанар-жағармай құнына, делдалдардың үстеме бағасына және маусымдық өзгерістерге тәуелді болатыны айтпаса да түсінікті. Соның салдарынан нарықтағы баға тұрақсыз күйінде қалып отыр.

Негізі, Мемлекет басшысы агроөнеркәсіп кешенін дамыту, импортқа тәуелділікті азайту жөнінде ұйымға назарға алып, нақты тапсырма беріп келеді. Алайда бұл міндет Қызылорда үшін әлі күнге дейін өзектілігін жойған емес.

Жыл өткен сайын Сыр өңірінің ауыл шаруашылығы бұрынғыдай тек күрішке арқа сүйіп алмайтыны өз дәлелін тауып келеді. Оған соңғы жылдары Сырдариядағы су көлемінің азаюы айқак. Мұндай жағдай алдымен егіс құрылымын өзгерту талабын күшейте түсті.

Жалпы, аз сумен мол өнім беретін тәсіл бірінші кезекте жылыжай технологияларының маңызын арттыра түсті. Яғни жылыжай шаруашылығын жүйелеп, халықты жергілікті өніммен қамтамасыз ету талабы өзігіннен сұранып тұр. Алайда бұл саланың дамуын тежеп тұрған түйткіл әлі де аз емес.

Сарапшылар пікіріне сәйкес, жылыжай шаруашылығын дамытуға ең алдымен — энергия құнының шарықтауы салқынын тигізеді. Әсіресе қыс мезгілінде жылыжайды жылыту үшін табиғи газ бен электр энергиясы үздіксіз қажет. Ал электр энергиясының қымбаттығы өнімнің өзіндік құнын өсіріп, жергілікті өндірушілерді арзан импортпен бәсекелесе алмайтын күйге түсіреді.

Сонымен қатар шаруашылық ісін ілгерілетуге инвестиция тапшылығының да кері ықпалы зор. Бұл тұрғыда жеңілдетілген несиелер қарастырылғанымен, кепілдік талаптары мен қаржыландыру

шарттары көптеген кәсіпкердің бұл салаға келуіне мүмкіндік бермейді деп есептейді. Сол сияқты кадр мәселесіне қатысты түйткіл де өз алдына бір төбе. Өйткені қазіргі жылыжайларда көп жағдайда автоматтандырылған климаттық жүйе, цифрлық басқару, тамшылатып суару технологиялары кеңінен қолданылады. Соған сәйкес, тәжірибелі агрономдармен қатар инженерлер мен IT-мамандарға деген сұраныс жоғары. Ал қоғамда мұндай кадрлардың тапшылығы анық сезіледі.

Соған қарамастан салада он үрдістер де жоқ емес. Басқарма тарапынан өңірдегі өмірмен жобалар мен игі бастамалар төңірегінде тізбектеп шықты.

«Қызылорда облысында жылыжай шаруашылығын дамытуға бағытталған бірқатар жұмыс атқарылып жатыр. Оның ішінде «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында облыста 34 шағын жылыжай іске қосылды. Бұл ауыл тұрғындарының кәсіппен айналысуына мүмкіндік беріп

отыр. Сонымен қатар жуырда облыс әкімдігі Түркияның TIMFOG Engineering компаниясымен заманауи жылыжай кешендерін салу жөнінде келіссөз жүргізді. Сондай-ақ «Фабе-Агро» және «Мелиоратор» компанияларының қатысуымен жана инвестициялық жобаларды жүзеге асыру жоспарланған. Бұл бастамалар өңірде жылыжай жұмысын дамытуға үлкен сеп болары сөзсіз», — дейді басқарма тарапынан.

Мұндай бастамалар Сыр халқының үмітін еселей түсті. Дегенмен халықтың басты талабы инвесторлармен келісім жасаумен шешілмейді. Халыққа нәтижелі жұмыс пен дүкен сөрелеріндегі қолжетімді бағадағы жергілікті өнім қажет.



Сарапшылар пікіріне сәйкес, жылыжай шаруашылығын дамытуға ең алдымен – энергия құнының шарықтауы салқынын тигізеді. Әсіресе қыс мезгілінде жылыжайды жылыту үшін табиғи газ бен электр энергиясы үздіксіз қажет.

МҮМКІНДІК МОЛ, ЕҢБЕК АЗ

Ұзақ жылдан бері жылыжай ісімен айналысып келе жатқан тәжірибелі маман Акерке Тәжекеева өңірдің табиғи-климаттық жағдайы бұл саланы дамытуға толық мүмкіндік береді деп есептейді.

Оның айтуынша, Қызылорда облысында жылыжай шаруашылығының әлеуеті толық пайдаланылып отырған жоқ. Қазір жұмыс істеп тұрған жылыжайлардың басым бөлігі шағын болғандықтан, өңір тұрғындарының сұранысын толық қамтамасыз ете алмайды. Соның салдарынан көкөніс өнімдерінің едәуір бөлігі Шымкент,

Сарыағаш және өзге өңірлерден тасымалданады деген пікірін білдірді.

«Көпшілік тарапынан Қызылорданың қатал климаты жылыжай шаруашылығын дамытуға қолайсыз деген пікір айтылады. Мен бұл тұжырыммен келіспеймін. Қызылорданың табиғаты көршілес Түркістан облысынан айтарлықтай ерекшеленбейді. Күн сәулесі мол түсетін өңір болғандықтан, көкөніс-бақша өнімдерін өсіруге барлық мүмкіндік бар. Ең бастысы, мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдауды күшейтіп, жылыжай салуға жасалатын жағдайды кеңейту қажет. Сонда ғана өңірдің өз өнімін көбейтіп, сыртқы нарыққа тәуелділігін азайтуға болады», — дейді маман.

Бүгінде білікті маманның иелігінде 3-4 шағын жылыжай бар. Алайда олардың қуаты облысты көкөніс және бақша өнімдерімен толық қамтамасыз етуге жеткіліксіз. Сондықтан өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін нығайту үшін жылыжай алқаптарын ұлғайту қажет деген пікірде.

«Жылыжайда тек қызанақ, қияр секілді дәстүрлі дақылдарды ғана емес, банан, мандарин, лимон, апельсин, киви және басқа да цитрус жемістерін жерсіндіріп, өсіріп келемін. Бұл Қызылорданың табиғи-климаттық жағдайы жылыжай шаруашылығын дамытуға қолайлы екенін іс жүзінде дәлелдейді. Өз шаруашылығымнан бөлек, облыста жылыжай кәсібін бастаған азаматтарға тәжірибемен бөлісіп, ақыл-кеңес беріп келемін. Жана кәсіпкерлерге жылыжай салып беріп, оларды бір жылға дейін осы саланың қыр-сырына баулимын. Жылыжай шаруашылығымен айналысып келе жатқаныма 30 жылға жуық уақыт болды. Барлық жылыжайымда су үнемдеуге мүмкіндік беретін тамшылатып суару технологиясы қолданылады. Бүгінде өңірдегі көптеген жылыжайдың қалыптасуы мен дамуына менің де еңбегім сіңді деп сеніммен айта аламын. Сондықтан Қызылорда облысында жылыжай шаруашылығын дамыту үшін мемлекет тарапынан көрсетілетін қаржылай қолдау мен жеңілдетілген несиелердің көлемін ұлғайтып, саланы кешенді түрде қолдау қажет деп есептеймін», — дейді агроном, ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі, «Болашақ» университетінің аға оқытушысы Акерке Кеңесбайқызы.

Маманның пікірінше, Сыр өңірінің табиғи әлеуеті жылыжай жұмысын жыл бойы жүргізуге мүмкіндік береді. Сондықтан маусымдық өнім өндірумен шектелмей, мемлекеттік қолдау аясында жыл бойы халықты қолжетімді бағамен қамтамасыз ететін заманауи жылыжай өндірісін дамытуға көшу керек деп есептейді. Соның нәтижесінде Сыр елінің сырттан келетін көкөніске телмірмей, өзін-өзі жергілікті өніммен қамтамасыз етуге мүмкіндігі артар еді.

28 ШІЛДЕ 2026 | СЕЙСЕНБІ

ТУРИЗМГЕ ТЫҢ СЕРПІН

Жазғы туристік маусым – өңірлер үшін жауапты кезең. Бұл уақытта туристерді табиғаттың көркі ғана емес, көрсетілетін қызметтің сапасы, қауіпсіздік деңгейі мен қолайлы инфрақұрылым да қызықтырады. Осы тұрғыдан алғанда Абай облысында биыл туризм саласын дамытуға бағытталған кешенді жұмыстар қолға алынды. Облыс әкімі Берік Уәлидің тапсырмасымен Алакөл жағалауы, Семей қаласының жағажайлары және өзге де туристік нысандар жаңартылып, демалушыларға қолайлы жағдай жасауға басымдық берілді.

Бүгінде Алакөл – еліміздегі ең танымал демалыс орынының бірі. Маусым қызған шақта көл жағалауына тәулігіне 30 мыңға дейін турист келеді. Мұндай ағын өңірдің инфрақұрылымын заман талабына сай жетілдіруді талап етеді. Соңғы екі жылда жағалаудағы көшелердің 10 шақырымына жана асфальт төселіп, бес шақырымдық велосипед жолы толық жаңғыртылды. Тоғыз жыл бойы жөндеу көрмеген көшелер ретке келтіріліп, жағалаудың жарықтандыру жүйесі де айтарлықтай жақсарды. Биыл төрт шақырым аумаққа жарық бағандары орнатылып, бұрын жарық болмаған көшелер электр желісіне қосылды. Сонымен бірге демалыс аймағына малдың кіруіне жол бермеу үшін Алакөл мен Қабанбай ауылы аралығындағы 11 шақырым жағалау қоршаумен қамтылды. Қауіпсіздік мәселесіне де ерекше назар аударылған. Биыл жағалауға жасанды интеллект технологиясымен жұмыс істейтін 224 бейнебақылау камерасы орнатылды. Ақылды жүйе тәулік бойы қоғамдық тәртіпті бақылап, құқықбұзушылықтар мен төтенше жағдайлардың алдын алуға мүмкіндік береді. Ал дауысзорайтқыштар арқылы демалушыларға қауіпсіздік ережелері мен тазалықты сақтау жөнінде тұрақты ескерту жасалады. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету үшін туристік маусымда 57 полиция қызметкері қызмет



стерге сапалы ақпараттық қолдау көрсету мақсатында Visit Abai коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылып, Abai Travel мобильді қосымшасы іске қосылды. Қосымша арқылы өңірдің туристік бағыттары, қонақүйлер, демалыс орындары мен көрсетілетін қызметтер туралы қажетті мәліметтерді алуға болады.

Туристік маусымның қызған кезеңінде облыс әкімі Берік Уәли барлық жауапты мемлекеттік органдар мен аудан, қала әкімдеріне қауіпсіздік, санитариялық тазалық, медициналық қызметтің қолжетімділігі және инженерлік инфрақұрылымның үздіксіз жұмысын тұрақты бақылауда ұстауды тапсырды.

— Жазғы туристік маусымның қызған кезеңіне аяқ бастық. Әсіресе, Алакөл жағалауында келушілер саны айтарлықтай артты. Сондықтан туристердің қауіпсіздігі, санитариялық тазалық, инженерлік инфрақұрылымның үздіксіз жұмысы мен көрсетілетін қызметтердің сапасы ерекше бақылауда болуыға тиіс. Туризм — өңір экономикасының маңызды бағытының бірі. Әрбір жауапты мемлекеттік орган мен аудан, қала әкімдері туристік маусымның қалыпты өтуіне тікелей жауапты, — деді облыс әкімі.

Абай облысында қолға алынған бұл жұмыстар туризмді дамытуға кешенді көзқарастың қалыптасқанын көрсетеді. Инфрақұрылымның жаңаруы, қауіпсіздік жүйесінің күшеюі және цифрлық технологиялардың енгізілуі өңірдің туристік тартымдылығын арттырып қана қоймай, жана инвестиция тартуға, жұмыс орындарын ашуға және ішкі туризмнің дамуына серпін береді.

Эльмира ЖҰРСІНБЕКҚЫЗЫ

СЫРДАҒЫ СОЛ ЖАҒАЛАУ: БАСПАНА БАР, ЖАЙЛЫ ОРТА ЖОҚ



Сұлу Сырдың жағасына қоныстанған Қызылорда қаласының құрылыс саласында соңғы жылдары тың серпін бар. Жаңа шағынаудандар бой түзеп, көпқабатты тұрғын үй кешендері көптеп салына бастады. Соның негізінде өңірде баспанамен қамту мәселесі әлеуметтік саясаттың басым бағыттарының біріне айналды.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ, Қызылорда облысы

Жалпы, Қызылордадағы тұрғын үй құрылысы әлеуметтің баспана мәселесінің онтайлы шешілуіне сеп болып тұр. Сәт сайын өңірде мемлекеттік қаржыландыру тетіктерімен және инвестиция есебінен көптеген тұрғын үй бой көтеріп, жана ықшамаудандар қалыптасты. Бұл бірінші кезекте пәтер жағалаған жергілікті жұртшылықтың басты арманының ақиқатқа айналуына жол аша түсті. Сонымен қатар апатты үйлер мәселесі де кезең-кезеңімен шешіліп келеді. Әсіресе, Қызылорда қаласының сол жағалауынан сәні мен салтанаты келіскен зәулім ғимараттар салынып, қоныстанушылар қатары жыл санап арта түсуде.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, кейінгі жылдары дарияның сол жағалауына жағалай қоныстанған жана қалада құрылыс қарқыны жоғары. Жыл сайын жана ғимараттар бой түзеп, тұрғын үй кешендерінің саны артып келеді.

Қызылорда қаласы әкімдігінің дерегіне сәйкес, бүгінде сол жағалауда 7, 9 және

12 көпқабатты заманауи тұрғын үйлер салынып, әлеуметтік осал топтағы азаматтар мен тұрғын үй кезегінде тұрған жамағатқа арендалық және несиелік негізде кезең-кезеңімен табысталуда. Мәліметке сәйкес, 2025-2026 жылдары 1 200-ден астам арендалық пәтер пайдалануға беріліпті. Осы орайда тұрғын үйге кезекке қою Отбасы банк арқылы жүзеге асырылып жатқанын да айта кеткен абзал.

Бір сөзбен айтқанда, Сыр шаһарында баспанамен қамту жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілуде. Дейтұрғанмен, мұнымен мәселе түбегейлі шешілді деп айту әлі ерте. Өйткені өңірде тұрғын үйге сұраныс әлі де жоғары екені байқалады. Бір ғана дерек келтірсек, 2026 жылдың өзінде Қызылорда қаласында ғана 34 мыңнан астам адам тұрғын үй кезегінде тұрғаны жайында ақпарат айтылады. Бұл облыс орталығында жана үйлер көптеп салынғанымен, әлі де халықтың баспанаға сұранысын толық өтемей тұрғанын аңғартады. Сонымен қатар құрылыс сапасы мен тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру мәселесі де өзектілігін жоймай тұр. Мұны

жана ықшамаудан тұрғындарының базынасынан да байқауға болады.

Ең алдымен, сол жағалаудағы көпқабатты тұрғын үйлердің басым бөлігінде аулалар тар, автокөлік тұрағы аз немесе мүлде қарастырылмаған және балалардың ойын алаңдарының талапқа сай еместігі жайында сын-ескертпелерді жиі естіміз. Сол сияқты жарықтандыру мәселесі толық шешілмеген аумақтар да аз емес.

«Бірнеше жылдан бері Қызылорданың сол жағалауындағы жана шағынауданда тұрамыз. Мемлекеттің қолдауымен апатты үйден жана баспанаға көшірілгенімізге ризамыз. Дегенмен тұрғын үй кешенінің ауласындағы бірқатар кемшіліктер алғашқы күннен-ақ байқалды.

Ең өзекті мәселенің бірі — аула ішіндегі жолдардың тарлығы. Бір жолмен әрі жаяу жүргіншілер, әрі балалар, әрі көліктер қатар қатынайды. Бұл тұрғындардың қауіпсіздігіне айтарлықтай қатер төндіреді. Сондықтан мұндай аумақтарға көлік қозғалысын баяулататын жасанды жол кедергілерін орнатып, қажетті жол белгілерін қою қажет деп есептеймін.

Сонымен қатар тұрғын үйлердің аулаларына бейнебақылау камераларын орнату да бүгінгі күннің талабы. Жуырда ғана біздің №65 үйдің ауласында 12 және 3 жастағы екі баланы көлік қағып кетті. Екі бала да түрлі дене жарақатын алды. Абырой болғанда, адам шығыны болған жоқ. Алайда бұл жағдай аула ішіндегі қауіпсіздік мәселесінің қаншалықты өзекті екенін көрсетті.

Егер бұл кемшіліктер дер кезінде жойылмаса, тар жолдарда жылдамдықты шамадан тыс асыратын жүргізушілердің кесірінен орны толмас қайғылы оқиғалардың көбеюі қаупі жоғары. Сондықтан жауапты мекемелер тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарды жедел қолға алуға тиіс», — дейді сол жағалау тұрғыны Сапарбек Ерімбетов.

Сонымен қатар тұрғындар тұрғын үй аумағын көгалдандыру жұмыстары формалды сипатта қалып тұрғанын тілге тиек етті. Бұл тұрғыда ағаш отырғызу мен жасыл аймақтарды күтіп-баптау ісінде солкылдақтық сипат алып тұр деген пікірде. Бұған қоса, кейбір жана ықшамаудандарда кәріз және жаңбыр суын ағызу жүйелерінің, аяқсу арналарының сапасы-

на тұрғындар тарапынан жиі сын айтылады. Жарықтандыру мен тазалық мәселесінде де кемшіліктер менмұндалап тұр.

«Сол жағалаудағы ең өзекті мәселенің бірі — көшелердің жарықтандырылуына қатысты болып тұр. Мәселен, өзім тұратын шағынауданда бытыр пайдалануға берілген «Қайсар Арена» стадионынан басталатын Иса Токтыбаев көшесі бірнеше жылдан бері түнгі уақытта қараңғы күйде тұр. Осы көшемен қиылысатын Ғафур Мұхамеджанов көшесінде де жарықтандыру мәселесі шешімін таппай келеді.

Бұдан бөлек, үйіміздің іргесіндегі Сырдария жағалауының санитарлық жағдайы да көңіл көншітпейді. Кешкілік серуендейтін тұрғындарға арналған орындықтар орнатылмаған, қоқыс жәшіктері мүлде жоқ. Соның салдарынан өзен жағасы біртіндеп қоқыс жиналатын орынға айна-



лып барады. Бұл мәселелерді жауапты мекемелерге бірнеше рет жеткізгенімізбен, әлі күнге дейін нақты нәтиже көріп отырған жоқпыз», — дейді сол аумақтың тұрғыны Райса Сыздыкова.

Негізінде, қала құрылысы талаптарына сүйенсек, тұрғын үй кешендері инженерлік инфрақұрылыммен, балалар ойын алаңдарымен, автотұрақпен, көгалдандыру және абаттандыру элементтерімен кешенді түрде қамтамасыз етілуі тиіс екен. Оның ішінде негізгі талаптарды тізбектеп шықсак, ауланың кең болуы, тұрғындардың демалуына, балалардың қауіпсіз ойнауына және арнайы техникалардың еркін

Бірақ құрылыс алаңына айналған Қызылорда қаласында кейінгі жылдары салынған тұрғын үй кешендерінде осы талаптардың барлығы бірдей орындалды деп айту қиын. Соның салдарынан қара халық зардап шегіп, көпшіліктің құрылыс сапасына қатысты ашу-ызасын туғызып тұрғаны жасырын емес.

Қорыта айтқанда, тұрғындар тұрғын үй құрылысын жүргізуде жоғары сапаға мән берілсе деген талабын жеткізіп отыр. Алдағы уақытта жауапты орындар саннан сапаға көшетін сәт келгенін түсініп, аталған кемшіліктер қалпына келтіріледі деп үміттенеміз.

АГРОӨНЕРКӘСІП – ШАҒАР ӘЛЕУЕТІ

Шымкент қаласында отандық өндірісті дамытуға, жергілікті кәсіпкерлердің әлеуетін арттыруға және бәсекеге қабілетті өнім өндіруге бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жалғасып келеді. Бұл бағытта өндіріс орындарын қолдауға, шағын және орта бизнестің дамуына жағдай жасауға, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге және жергілікті брөндтерді қалыптастыруға ерекше мән берілуде. Осы жұмыстардың маңызды алаңдарының бірі – Шымкент қаласында ұйымдастырылған «Қазақстанның үздік тауары – 2026» және «Бір ауыл – бір өнім» өңірлік көрме-байқаулары. Ауқымды іс-шараға 120-дан астам жергілікті тауар өндіруші қатысып, өз өнімдерін көпшілік назарына ұсынды.



Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Көрме қала әкімдігі мен Кәсіпкерлер палатасының бірлесіп ұйымдастыруымен өтті. Негізгі мақсат – отандық тауар өндірушілерді қолдау, кәсіпкерлердің өндірістік мүмкіндіктерін көрсету, жергілікті өнімнің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ынталандыру және жаңа бизнес бастамаларға жол ашу. «Көрме» орталығында ұйымдастырылған шарада тамақ өнеркәсібі, фармацевтика, машина жасау, химия, жеңіл өнеркәсіп, құрылыс индустриясы және басқа да өндіріс салаларының өкілдері өз өнімдерін таныстырды. Көрмеде ұсынылған тауарлардың арасында күнделікті тұтынуға қажетті өнімдермен қатар, заманауи технология негізінде өндірілген инновациялық тауарлар да бар.

Шымкент халқы тығыз орналасқан ірі мегаполис қана емес, сонымен қатар агроөнеркәсіп кешенін дамытуға мүмкіндігі мол өңір. Қаланың ауыл шаруашылығы бағытындағы аумақтарында еңбек ететін шаруалар мен кәсіпкерлер азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және ішкі нарықты отандық өніммен қамтуға өз үлесін қосып келеді. Бүгінде агроөнеркәсіп кешенін дамыту тек ауыл шаруашылығы өнімін өндірумен шектелмейді. Бұл – егістіктен бастап дайын өнімді тұтынушыға жеткізуге дейінгі тұтас өндірістік тізбекті қалыптастыруды талап ететін кешенді бағыт. Сондықтан Шымкентте ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, сақтау және логистика жүйесін жетілдіру, заманауи технологияларды енгізу мәселелеріне де басымдық берілуде.

Әсіресе жергілікті жерде өндірілген өнімді терең өңдеу агроөнеркәсіп кешенінің қосылған құнын арттыратын маңызды фактор. Мәселен, ауыл шаруашылығы шикізатын тек бастапқы өнім ретінде сатумен шектелмей, оны өңдеп, дайын тауарға айналдыру жаңа жұмыс орындарын ашуға, кәсіпкерлікті кеңейтуге және жергілікті бюджетке түсетін түсімді арттыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте тамақ өнеркәсібі мен агроөнеркәсіп кешені өзара тығыз байланысты. Көрмеге қатысқан жергілікті өндірушілердің өнімдері осы бағыттағы әлеуеттің жоғары екенін көрсетті. Олардың қатарында азық-түлік өнімдерін өндіретін, ауыл шаруашылығы шикізатын өңдейтін, дайын өнім шығаратын кәсіпкерлер бар.

Жергілікті өнімнің көлемін арттырумен қатар, оның сапасына да қойылатын талап күшейіп келеді. Себебі қазіргі нарықта тұтынушы үшін өнімнің қолжетімді бағасы ғана емес, сапасы, қауіпсіздігі, экологиялық тазалығы және өндірістің заманауи стандарттарға сәйкестігі де маңызды. «Қазақстанның үздік тауары – 2026» байқауының ерекшелігі – оған нарықта өзіндік орны қалыптасқан ірі кәсіпорындармен қатар, өндірісін енді бастап жатқан кәсіпкерлердің де қатысуы. Бұл отандық

бизнестің дамуына жаңа серпін беріп, кәсіпкерлерге өз өнімдерін кең аудиторияға таныстыруға мүмкіндік береді.

Көрме жұмысына Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков, Үндістан Республикасының Төтенше және өкілетті елшісі Сайлас Тхангал бастаған делегация, бизнес қауымдастығы мен қала тұрғындары қатысты.

Шара барысында сөз сөйлеген қала әкімі Ғабит Сыздықбеков өңірде өндірісті дамыту мен жергілікті кәсіпкерлерді қолдау қала экономикасының

«Бір ауыл – бір өнім» жобасы осы мүмкіндікті тиімді пайдалануға жол ашады. Жергілікті шикізатты пайдаланып, оны өңдеп, нарыққа дайын өнім ретінде ұсыну арқылы ауыл тұрғындарының табысын арттыруға және жаңа кәсіп түрлерін қалыптастыруға мүмкіндік бар.



стратегиялық бағыты екенін атап өтті: «Шымкент қаласында біз ең алдымен жергілікті өндірісті күшейтуге, шағын және орта бизнесті дамытуға және агроөнеркәсіп кешенін жаңа деңгейге көтеруге басымдық беріп отырмыз. Бүгінгі көрме соның нақты нәтижесі. Мұнда өз ісін дамытып отырған кәсіпкерлердің еңбегі, табандылығы және жанашылдығы көрініс табуда. Қала әкімдігі тарапынан біз әрбір бастаманы қолдауға, өндіріс көлемін арттыруға және жаңа жұмыс орындарын ашуға бағытталған жүйелі жұмыстарды жалғастыра береміз», – деді қала әкімі.

Шараның халықаралық деңгейдегі қонақтардың қатысуымен өтуі де жер-

гілікті өндірістің әлеуетін кеңінен танытуға мүмкіндік берді. Себебі қазір отандық кәсіпкерлер үшін ішкі нарықпен қатар, экспорттық бағыттарды игеру, халықаралық талаптарға сай өнім шығару және шетелдік серіктестермен байланыс орнату аса маңызды.

Іс-шара аясында «Бір ауыл – бір өнім» жобасына қатысушылардың арнайы көрмесі де ұйымдастырылды. Жоба жергілікті ерекшеліктерге сүйене отырып, ауыл тұрғындарының кәсіпкерлік бастамаларын қолдауға және өңірге тән өнімдерді дамытуға бағытталған. Мұндай бастамалардың маңызы зор. Себебі әрбір өңірдің табиғи, ауыл шаруашылығы және өндірістік ерекшелігіне қарай өзіндік брөнді қалыптасуы мүмкін. Бір жерде ауыл шаруашылығы өнімдері басым болса, енді бір өңірде колөнер, тамақ өндірісі немесе ұлттық өнімдер кеңінен дамуы ықтимал.

«Бір ауыл – бір өнім» жобасы осы мүмкіндікті тиімді пайдалануға жол ашады. Жергілікті шикізатты пайдаланып, оны өңдеп, нарыққа дайын өнім ретінде ұсыну арқылы ауыл тұрғындарының табысын арттыруға және жаңа кәсіп түрлерін қалыптастыруға мүмкіндік бар. Шымкент үшін бұл бағыттың әлеуеті жоғары. Метрополистің айналасындағы елді мекендерде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен айналысатын шаруашылықтар мен шағын кәсіп иелері бар. Оларды заманауи технологиялармен қамтамасыз ету, қаржыландыруға қолжетімділігін арттыру, өндірілген өнімді өткізу нарығын кеңейту және қайта өңдеу кәсіпорындарымен байланыстыру агроөнеркәсіп кешенін дамытудың негізгі тетіктерінің бірі.

Қазір агроөнеркәсіп саласының бәсекеге қабілеттілігі технологиялық жаңаруға тікелей байланысты. Су үнемдеу технологиялары, автоматтандырылған өндіріс, заманауи қойма жүйелері, цифрлық есеп және логистика – өнімнің өзіндік құнын төмендетіп, сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар цифрлық технологияларды енгізу арқылы ауыл шаруашылығы өнімдерінің қозғалысын бақылап, өндіріс көлемін жоспарлап, сұранысты зерделеп және өнімді өткізу тізбегін тиімді ұйымдастыруға болады. Бұл өз кезегінде агроөнеркәсіп кешенін жаңа деңгейге көтеріп, өндіруші мен тұтынушы арасындағы байланысты нығайтады.

Шымкенттің агроөнеркәсіп кешенін дамытуда тағы бір маңызды бағыт ғылыми тәсілдер мен инновацияларды өндіріске енгізу. Өнімділікті арттыру, климаттық жағдайларға бейімделген технологияларды пайдалану, жаңа сорттарды енгізу және өндірістің тиімділігін арттыру арқылы жергілікті шаруалардың бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге болады.

Шымкентте ұйымдастырылған көрме-байқау осы бағыттағы жұмыстардың бір ғана мысалы. Мұндай алаңдар кәсіпкерлерге өз өнімдерін таныстырып қана қоймай, нарықтағы жаңа мүмкіндіктерді бағалауға, тәжірибе алмасуға және болашаққа жоспар құруға жол ашады. Шымкенттің өндірістік және агроөнеркәсіптік әлеуетін тиімді пайдалану арқылы жергілікті өнім көлемін арттыруға, қайта өңдеу үлесін көбейтуге және отандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге болады. Ал бұл өз кезегінде қаланың экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етіп, жаңа жұмыс орындарын ашуға және тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға ықпал етеді.

Қарағанды облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Шахтинск қ. ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны директорының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды, мекенжайы: Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Қазақстан көшесі, 97 пошта индексі: 101600, телефон: 8775 531 36 91. E-mail: poliklinika.shah@mail.ru

Конкурстың барлық қатысушыларына қойылатын жалпы біліктілік талаптары:
«Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша жоғары білім, «денсаулық сақтау менеджменті» («Қоғамдық денсаулық сақтау») мамандығы бойынша сертификаттық курстан (қайта даярлаудан) өткені туралы куәлік және (немесе) тиісті мамандық бойынша біліктілік беру туралы куәлік немесе «денсаулық сақтау» және (немесе) «Бизнес, басқару және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары білім немесе «денсаулық сақтау» және (немесе) «Бизнес және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе MBA executive немесе fulltime дәрежесі, Денсаулық сақтау, Денсаулық сақтау саласындағы басшылық лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

Білуге тиіс:
Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының кодексі, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының кодексі, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; қазіргі заманғы басқару қызметінің стратегиялық және ұйымдастырушылық аспектілері; Денсаулық сақтау ұйымдарының жоспарлы-экономикалық және қаржылық қызметінің негіздері; ұйымның қызметін басқарудың экономикалық әдістері мен талдау; медициналық қызметтер нарығының конъюнктурасы; денсаулық сақтаудағы адам ресурстарын басқарудағы үздік практикалар; халық денсаулығының жай-күйін сипаттайтын Статистика, өлшемдер мен көрсеткіштер; отандық медицинаның қазіргі заманғы ғылыми жетістіктері, денсаулық сақтауды басқарудағы үздік халықаралық тәжірибе; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік жөніндегі қағидалар мен нормаларды; Төтенше жағдайлар кезінде қызметті ұйымдастыру.

Лауазымдық міндеттері:
Денсаулық сақтау ұйымының өндірістік, қаржы-шаруашылық қызметіне басшылық жасайды, қабылданатын басқарушылық шешімдерге, ұйым мүлкінің сақталуы мен тиімді пайдаланылуына, сондай-ақ Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне жауапты болады. Ұйым қызметінің саясатын, стратегиясын және оны іске асыру тегіні айқындайды. Көрсетілетін диагностикалық, емдеу және профилактикалық көмектің тиімділігі мен сапасын одан әрі арттыруға, көрсетілетін қызметтердің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған персонал жұмысының жаңа ұйымдастырушылық нысандары мен әдістерін енгізуді және қолданыстағыларын жетілдіруді қамтамасыз етеді. Ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді, олардың іс-қимылдарын көрсетілетін медициналық қызметтерді дамытуға және жетілдіруге бағыттайды. Ұйымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімі мен тәжірибесін ұтымды пайдалану, өмір мен денсаулық үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, ұжымда қолайлы психологиялық атмосфераны қалыптастыру бойынша шаралар қабылдайды. Ұйым қызметін талдау және оның жұмысының көрсеткіштерін бағалау негізінде ұйым жұмысының нысандары мен әдістерін жақсарту бойынша қажетті шараларды қабылдайды. Әлеуметтік әріптестік қағидадары негізінде ұжымдық шартты әзірлеуді, жасасуды және орындауды, еңбек тәртібін сақтауды қамтамасыз етеді, қызметкерлердің еңбек уәдесменін, бастамасы мен белсенділігін дамытуға ықпал етеді. Санитариялық-эпидемиологиялық жағдайларды зерделеу және бағалау жөніндегі жұмысты үйлестіреді, адам денсаулығына қолайсыз әсер етудің басым факторларын айқындайды. Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту бойынша пәрменді шаралар қабылдайды. Гигиеналық және эпидемияға қарсы іс-шаралардың жүргізілуін, санитарлық ережелер мен нормалар мен гигиеналық нормативтердің сақталуын жедел және зертханалық-аспаптық бақылауды және қадағалауды ұйымдастырады. Ұйым қызметінде, оның ішінде қаржы-шаруашылық басқару, шарттық және қаржылық тәртіпті нығайту, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу мәселелерінде медициналық этика, заңдылық талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді. Қызметкерлерді жұмысқа қабылдауды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады. Жеке және заңды тұлғалармен келісімшарттар жасайды, мөмілелер жасайды. Өз құзыретіндегі мәселелер бойынша барлық қызметкерлер үшін міндетті өкімдер мен бұйрықтар шығарады. Ұйымды мемлекеттік органдарда, ұйымдарда және сотта мүдделерін білдіреді.

Конкурс Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № ҚРДСМ-58/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы Байқау кенесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнының атқарушы органының немесе республикалық атқарушы органы басшысының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын басшысының бос лауазымына конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:

1. Конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2. Еркін нысанда жазылған өмірбаян;
3. Білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
4. Еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі, еңбек шартын қабылдау және тоқтату туралы бұйрықтардың көшірмелері не жұмыс өтілін растайтын басқа да құжат;
5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м. а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген «медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды)» № 075/е нысаны
6. ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің сотталығының жоқтығы туралы анықтамасы.

Конкурсқа келесідей адамдар қатыса алмайды:
1) он сегіз жастан кіші;
2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жасаған;
3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған сотталығы бар адам;
4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар Қарағанды облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Шахтинск қ. ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны мына мекенжай бойынша ұсынылуы тиіс: Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Қазақстан көшесі, 97 пошта индексі: 101600, телефон: 8 775 531 36 91. E-mail: poliklinika.shah@mail.ru директорының қабылдау кабинеті. Бұқаралық ақпарат құралдарының басшыларында конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде.

«ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Қазсушар «РМК» «Қаныш Сәтпаев атындағы канал» филиалы есеп бойынша ақпараттың үлкен көлеміне байланысты тұтынушыларды 2026 жылдың жартыжылдығы бойынша табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі бірінші басшының қызметі туралы жыл сайынғы есебінің «Қазсушар» РМК-ның <https://qazsu.kz/> интернет-ресурсында орналастырылғаны туралы хабардар етеді».

28 ШІЛДЕ 2026 | СЕЙСЕНБІ



Өнердің сахна сыртындағы соқпағы сан тарау. Оның ішінде мың бұралған би өнері сырт көзге әсемдік пен үйлесімділіктен ғана тұратындай көрінгенімен, шымылдықтың арғы жағында өлшеусіз еңбек пен табандылық жатыр. Елорда мәдениетінің брендіне айналған «Наз» мемлекеттік би театры – бүгінде Орталық Азиядағы бірегей ұжымдардың бірі. Ұлттық өнердің өрісі мен театрдың сахна сыртындағы қатпарлы өмірі туралы би театрының басшысы Еркебұлан Ағымбаевпен сұхбаттасқан едік.

Еркебұлан АҒЫМБАЕВ,
«Наз» мемлекеттік би театрының директоры:

БІЗДІҢ КҮШІМІЗ – ҰЖЫМДЫҚ ҮЙЛЕСІМДЕ

— Театрдың қазіргі басты миссиясын қалай сипаттар едіңіз?

— 1999 жылдың қаңтарында құрылған ұжымның негізгі мақсаты әуелден айқын болды. Ол — қазақтың ұлттық би өнерін кәсіби деңгейде дамыту, сақтап, келер ұрпаққа аманат ету. Ұжымымыз 2007 жылы «би театры» мәртебесіне ие болды. Бүгінде көптеген ұжым өзін би театры деп атағанымен, олардың басым бөлігі жеке билерді ғана орындайды. Ал бұл театрдың ерекшелігі — ұлттық би тілі арқылы тұтас спектакльдер қоюында. Театр репертуарында қазақы нақыштағы қойылымдармен қатар, әлемдік тақырыптарға негізделген спектакльдер де бар. Мәселен, Морис Равельдің әйгілі «Болеро» шығармасы желісімен қойылған спектакль, махаббат тақырыбын арқау еткен туындылар, сондай-ақ «Мың бір түннің бір түні» қойылымы көрерменге өзге халықтардың мәдениетін би өнері арқылы таныстырады. Ал «Абай» секілді ұлттық спектакльдерде қазақ халқының тарихы, тұрмыс-тіршілігі, қару-жарағы, киім үлгісі мен өмір сүру мәдениеті кеңінен көрініс тауып, сахна арқылы қайта жаңғырады.

ШЕШІМІН КҮТКЕН МӘСЕЛЕ КӨП

— Шетелдік көрермен қазақ биін қалай қабылдайды?

— Біз үшін шетелдік сапарлар — қазақ мәдениетін әлемге танытудың маңызды алаңы. Ұжым осы жылдар ішінде Еуропа мен Азияның көптеген елінде өнер көрсетті, Қытай мен Түркияға бірнеше мәрте жолымыз түсті. Біз сахнаға шыққанда тұтас бір халықтың тарихы мен дәстүрін бірге алып шығамыз. Қысқа ғана қойылымның өзінде көкпар секілді ұлттық ойындарды, беташар мен қоштасу рәсімдерін көркем би тілі арқылы жеткізе аламыз.

Еуропа елдерінің көрермендері біздің ұлттық костюмдерге ерекше қызығушылық танытады. Қазақ қыздарының зерлі көйлегі мен камзолы, шашбауы мен алқасы, білезігі мен сақинасына дейін олардың назарынан тыс қалмайды. Қойылымнан кейін «Неткен мәдениетті халық!» деген таңданысын жасырмайтын шетелдік көрермендерді көргенде төбеміз көкке жетеді.

— «Наз» театры ұлттық би өнерінің брендіне айналды деп айтамыз. Қазіргі сахна кеністігі кәсіби театрдың техникалық және шығармашылық талабын толық қамтамасыз ете ме? Бұл мәселе неге жылдар бойы шешілмей келеді?

— Театрдың бүгінгі тыныс-тіршілігі туралы сөз қозғағанда, ең алдымен, өткен жылдар көз алдыма келеді. Еліміздегі көптеген кәсіби би ұжымдарының әлі күнге дейін өз ғимараты жоқ. Мәдениет министрлігіне қарасты «Салтанат», «Гүлдер» немесе жаңадан құрылған «Бірлік» ансамбльдері де жеке ғимаратсыз жұмыс істеп келеді. Сондықтан біз өз мүмкіндігімізді бағалап, барға шүкіршілік етеміз. Бүгінде театрдың өз базасы қалыптасты. Көрермен залымыз қажет кезде дайындық алаңына айналып, шығармашылық жұмыстарды үздіксіз жүргізіп отырымыз. Арнайы балет залында әртістеріміз күн сайын кәсіби

жаттығуларын өткізеді. Алайда бұл жағдай бір күнде қалыптаса қойған жоқ, ұзақ жылдар бойы түрлі қиындықты бастан кешірдік. 2007 жылы театр мәртебесін алғанға дейін ұжымымыз филармония құрамында болды. Ол кезде филармонияның да өз ғимараты болмағандықтан, дайындықты Конгресс-холл сахнасында өткізетінбіз. Ғимараттың жертелесіндегі шағын ғана балет залы негізгі жұмыс орнымыз еді. Концерт жоспарланған күндері дайындық тоқтап, залды босатуға тура келетін. Аптасына бірнеше рет үзіліп қалатын репетициялар шығармашылығымызға едәуір кедергі келтірді.



“
Меніңше, заманауи хореография мен ұлттық биді бір-біріне мүлде қарсы қоюға болмайды. Әрқайсысының өз бағыты, өз көрермені бар. Бүгінде заманауи би стилінде жұмыс істейтін ансамбльдер аз емес. Дегенмен «ұлттық би өнері заманауи ағымдардың көлеңкесінде қалып қояды» деген пікірмен үзілді-кесілді келіспеймін.

Қазір жағдай мүлде басқа. Театрдың дайындығы тоқтаусыз жүреді. Ұжымға сұраныс жоғары, гастрольдік сапарлар мен концерттік бағдарламаларымыз жиі ұйымдастырылады. Кей кездері әртістеріміз демалыссыз еңбек етуге мәжбүр болып жатады, бірақ өнерге деген адалдық пен жауапкершілік бізді алға жетелей береді. Дегенмен шешімін күткен мәселелеріміз де жоқ емес. Ең алдымен, сахнаның техникалық мүмкіндіктері заман талабына толық сай келмейді. Қазіргі заманауи театрға қажет жарық жүйелері, LED-экрандар мен дыбыс жабдықтары жетіспейді. Сахнаның көлемі де үлкен қойылымдарды еркін жүзеге асыруға сәл тарлық етеді. Соған қарамастан,

шығармашылық ізденісті тоқтатқан емеспіз. Кейінгі жылдары бұл бағытта да оң өзгерістер байқалады: көрермен залына жөндеу жұмыстары жүргізіліп, гастрольдік сапарларға арналған арнайы көлік берілді. Алдағы уақытта сахнаның техникалық жабдықталуы да кезек-кезенімен жаңартылады деп сенеміз.

Мен тек өз ұжымымды ғана емес, мәдениет саласындағы өзге әріптестеріміздің де мәселесін ойлаймын. Менің пікірімше, ең алдымен, қазақ тілінде қойылымдар ұсынатын қуыршақ театры мен ерекше қажеттілігі бар жандар өнер көрсететін «Қанаттылар» театрының жағдайына мемлекет та-

— Меніңше, заманауи хореография мен ұлттық биді бір-біріне мүлде қарсы қоюға болмайды. Әрқайсысының өз бағыты, өз көрермені бар. Бүгінде заманауи би стилінде жұмыс істейтін ансамбльдер аз емес. Дегенмен «ұлттық би өнері заманауи ағымдардың көлеңкесінде қалып қояды» деген пікірмен үзілді-кесілді келіспеймін. Керісінше, әлемдік хореографиядағы көптеген ізденістің түп-тамыры әуел бастан-ақ халықтық мәдениет пен фольклордан бастау алады. Классикалық би де, заманауи бағыттар да, тіпті көше биінің кейбір элементтері де түптеп келгенде ұлттық мәдениеттен нәр алып жатады. Біздің театр тек ұлттық би бағытын ұстанады екен деп, заман көшінен қалып қойған емеспіз. Қазіргі қоғамда өзекті болып отырған күрделі тақырыптарды ұлттық би тілі арқылы сахнаға шығаруға үнемі тырысып келеміз. Соның бір жарқын мысалы — «У сана» спектаклі. Қойылымның атауының өзі бүгінгі қоғамның үлкен дертіне айналған мәселені меңзеп тұр. Онда біз смартфон мен планшетке тәуелділікке ұшыраған балалардың психологиялық әлемін бейнеледік.

Қойылым барысында балалар жақсы білетін түрлі заманауи ойындардың элементтері көрсетіледі. Алайда спектакльдің біз үшін ең басты ерекшелігі — осы өзекті тақырыпты ұлттық би



рапынан баса көңіл бөлінуі қажет. Өйткені бұл ұжымдар қоғам үшін аса маңызды әлеуметтік әрі мәдени миссия атқарып отыр. Ал біздің «Наз» би театрына келер болсақ, ұлттық би өнері арқылы қазақ халқының тарихын, салт-дәстүрін, фольклорын және рухани құндылықтарын насихаттауды басты міндетіміз санаймыз. Театрымыз Орталық Азиядағы ұлттық би тіліне негізделген алғашқы кәсіби би театрларының бірі ретінде бұл бағыттағы шығармашылық ізденістерін бәсеңдетпейді.

ӨЗЕКТІ ТАҚЫРЫПТЫ САХНАЛҒА

— Театр репертуарында заманауи хореография мен ұлттық бидің арақатынасы қандай? Кейде ұлттық нақыш шоу элементтерінің тасасында қалып бара жатқан жоқ па?



кимылдарымен және өзіміздің қазақы пластикамен берілуінде.

Көрермен бұл туындымызды өте жылы қабылдады. Әсіресе балалар сахнадағы оқиғаларды тез түсініп, өздерін кейіпкерлердің орнында көре алды. Сондықтан «ұлттық би бүгінгі күннің мәселелерін көтеруге қауқарсыз» деген пайым мүлде қате. Ұлттық өнер де қазіргі қоғаммен тамаша үндесе алады, тек оны көрерменге жеткізудің соны соқпақтары мен жана тәсілдерін таба білу керек.

— Театрда кадр дайындаудың ішкі мектебі қалыптасқан ба? Тәжірибелі әртістер кетсе, олардың орнын басатын буын қаншалықты жеткілікті?

— Кадр мәселесі бүгінде мені де қатты толғандырады. Шын мәнінде, елімізде хореография мамандарын даярлайтын оқу орындары жоқ емес, бар. Алматыдағы А.Селезнев атындағы хореографиялық училище, Астанадағы Ұлттық хореография академиясы, Қызылордадағы жоғары оқу орнының хореография кафедрасы, сондай-ақ Шымкент пен Орал калаларындағы мамандандырылған бөлімдер жыл сайын жас мамандарды түлетіп шығарып жатыр. Осы оқу орындарының түлектері бізге келіп, шығармашылық ұжымымыздың құрамына қосылады. Әрине олардың кәсіби дайындық деңгейі әртүрлі. Дегенмен кәсіби талапқа сай, қабілеті мен әлеуеті жоғары жастарға мен әрдайым мүмкіндік беремін. Жалпы, кадр тапшылығы тек біздің театрға ғана тән мәселе емес. Бүгінде еліміздегі көптеген кәсіби өнер ұжымдары, соның ішінде опера және балет театрлары да білікті бишілердің жетіспеушілігін қатты сезініп отыр.

— Қазіргі қазақ би өнерінде жаңа есімдер аз көрінеді деген пікір бар. Сіз бұған келісесіз бе?

— Негізі, би театрының табиғатының өзі ұжымдық өнерге негізделген. Сондықтан біздің шығармашылық табысымыз көбіне жеке орындаушының емес, тұтас ұжымның маңдай тері, бірлескен еңбегі арқылы бағаланады. Репертуарымыздағы билердің басым бөлігі де көпшілік қатысатын ауқымды композициялардан тұрады. Кейде бір сахнада 24, тіпті 48 бишіміз қатар өнер көрсетеді. Көрерменге ұсынылатын дүниелеріміздің негізгі ерекшелігі де осында. Театр құрамында талантты жеке орындаушыларымыз (солистеріміз) бар. Алайда олардың шығармашылығы көбіне театрдың жалпы қойылымдарының аясында көрініс табады. Драма театрындағы немесе кинодағы актерлер секілді жеке тұлға ретінде жиі алдыңғы шепке шығып, танылуға мүмкіндік әрдайым бола бермейді. Өйткені би өнерінде басты назар ортақ композиция мен ансамбльдік үйлесімге аударылады. Біз жеке орындаушыларымызды көпшілікке танытуға күш салып келеміз. Бірақ мұндай жобаларды жүзеге асыру үшін қосымша қаржылық қолдау қажет екенін жасыра алмаймын. Жеке концерт ұйымдастыру, оларды үлкен тележобаларға қатыстыру, кең аудиторияға насихаттау белгілі бір шығындарды талап етеді. Сондықтан өнер иелерінің шығармашылығын жеке бренд ретінде кеңінен таныту көбіне демеушілердің қолдауына байланысты болып жатады.

Қазір жаңа есімдердің аз көрінуі белгілі бір деңгейде рас. Бірақ бұл бізде таланттың жоктығынан емес, би театры өнерінің ішкі заңдылығы мен ерекшелігінен туындайды. Өйткені біздің театр, ең алдымен, ұжымдық шығармашылыққа сүйенеді. Мұнда басты орында жеке биші емес, сахнадағы тұтас көркем бейне мен ортақ идея тұрады.

— Әңгімеңізге рақмет!

Әңгімелескен
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



АIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ербәкіт ЖАЛҒАСБAY –
Қызылорда облысы
Баияр ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы
Эльмира ЖҰРСІНБЕКҚЫЗЫ –
Абай облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4768

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Алқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

010000, Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.

• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданылмайды.
• «Айқын» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның
жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор –
Кәмила ДҮЙСЕН